

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Құлыншақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4-5 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

Aйы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Казак тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.</p> <p>Тілдік дамытуши орта.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұжымдық әңгімелесушінің сезін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-куйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ, ү, ұ, і, ғ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Кітаптан ертеғілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын</p>

дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, өз бетінше ретімен қайталап айтуда, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әнгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауда, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойладап табуда баулу.